

№1 педагогикалық кеңесте каралды
Хаттама №1 31.08.2023 жыл



«Бекітемін»

Мектеп директоры

Г.А.Налибаева Г.А.Налибаева

31.08.2023ж

***№167 жалпы білім беретін мектептің
2023-2024 оқу жылына арналған
оқу-тәрбие жұмысы
жоспары***

2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу
үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығының қосымшасында
берілген Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
міндетті құжаттардың нысандарына сәйкес жасалды

**№167 жалпы білім беретін мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған
оқу – тәрбие жұмыстарының жоспарына
түсінік хат**

№167 жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарын құрастыру барысында төмендегідей нормативті-құқықтық құжаттар ескерілді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319); («Білім туралы» ҚР Заңына 39 түзету енгізілді 2019 ж. – 9 рет, 2020 ж. – 11, 2021 ж. – 10, 2022 ж. - 9).
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру қызметін қалыпқа келтіретін нормативті-құқықтық құжаттар;
- Жалпы білім беретін мектептерде мектепшілік құжаттамасын жүргізілу жөнінде нұсқаулық;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы құрастырған «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хаты;
- Елбасы жолдаулары;
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы;
- Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарының санитарлық-эпидемиологиялық талаптары»
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (28.03.2023 ж. №249 ҚР ҰҚ).
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру ережесі (ҚР ОАМ 29.12.2022 ж. № 532 бұйрығы).
- Үкіметтің 2023 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
- Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2023 жыл
- «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы.
- Алматы қаласы бойынша дарынды балалармен жұмыс бөлімінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспары,
- Жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей директорларының ғылыми-әдістемелік, оқу ісі, бейінді оқыту жөніндегі орынбасарларының тамыз кеңесінің қарары, т.б.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы
- Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы

Мектептің өзекті тақырыбы:

Заман талабына сай сапалы білім мен тәрбиенің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Мақсаты:

1. *Барлық пәндерге инновациялық педагогикалық технологиялардың элементтерін енгізу арқылы оқытудың сапасын көтеру.*
2. *Оқушылардың танымдылық белсенділігін дамыту арқылы зияткерлік қабілеттерінің ашылуын қамтамасыз ету.*

Міндеттері:

1. *Педагогтің кәсіби құзіреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүйелі жүргізу: білім алушылардың білімін толықтыру, инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.*
2. *Білім берудің мемлекеттік стандартын жүзеге асыру мақсатында білім алушылардың білім сапасын арттыруды ұйымдастыру тәсілдері мен әдістерін тереңдету және жетілдіру;*
3. *Білім алушылардың функционалдық құзіреттілігін мақсатында жаңашыл үрдістерді қолдана отырып, мектептің білім беру деңгейін көтеру;*
4. *Білім алушының ББД көрсеткіштері бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген педагогтардың жетістіктерін пайдалана отырып, оқушыларды ішкі аудитке даярлаудың жүйесін жетілдіру; Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;*
5. *Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің сапасын бағалау жүйесі бойынша жұмысты жалғастыру.*
6. *Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.*
7. *Оқытуда қолайлы психологиялық жағдай жасау, мектеп психологінің жұмысын күшейту.*
8. *Дарынды және қабілеті жоғары балаларды анықтау жұмысын және білімінде олқылығы бар оқушылармен жұмысты жалғастыру, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.*
9. *Олимпиада, ғылыми жобаларға және түрлі оқуларға білім алушыларды қатыстыру, ғылыми жұмыс, авторлық бағдарлама, шығармашылық іздену қабілеттерін арттыруда нәтижеге қол жеткізу.*
10. *Әрбір мұғалім өз іс-тәжірибесін баспасөз бетінде жариялап, жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару. Жас мамандар әріптестерінің сабақтарына қатыса отырып, өз шеберліктерін шыңдау;*
11. *Оқу жылы ішінде озық педагогикалық тәжірибелерді насихаттау және тарату үшін әдістемелік, ғылыми- тәжірибелік семинарлар, кеңестер өткізу;*
12. *Пән кабинеттерін жаңа талапқа сай жабдықтау;*
13. *Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу*
14. *Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру.*

15. *«Туған жер» бағдарламасы аясында өлкетану жұмысын күшейту, тарих, жаратылыстану, география, биология пәндерінен қала мұражайларына, тарихи- мәдени ескерткіштерге барып сабақ өткізуді жалғастыру.*
16. *«Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» және «Саналы ұрпақ» т.б. жобаларын іске асыру.*
17. *Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жұмыс жүргізу.*
18. *«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның тұжырымдамасы бойынша жұмыс.*
19. *«Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу.*
20. *Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.*
21. *Білім беру ұйымын цифрлық инфрақұрылыммен, ресурстармен және материалдық-техникалық базамен жабдықтау.*

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
Тамыз

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
1	Баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету.	1.Бітіруші түлектерді еңбекпен қамту. 2.Мектеп жасына дейінгі балаларды тіркеу және олардың орта білім алуларын есепке алу.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	14-18.08.2023
		1. Оқушыларды оқулықтармен толық қамтамасыз ету. 2. Инклюзивті білім беру, арнайы қажеттіліктері бар балаларды анықтау	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. ДОІЖО Кошекбаева Б.Г.	21.08 -04.09.2023
		Мектеп қызметкерлерінің еңбек жағдайын ұйымдастыру. Жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізу.	ДШЖО Ботаев А.	14-18.08.2023
		1-сыныпқа қабылданған оқушыларын мектепке дайындау мақсатында «Жазғы мектеп» оқуын ұйымдастыру.	ДОІЖО Копесбаева Б.С.	14 -28.08.2023
		Сыныптарды жинақтау. Мектепті санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сай дайындау.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. ДШЖО Ботаев А.	23-28.08.2021
2	Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.	1.Мұғалімдерді біліктіліктілік курстарына жіберіп, кәсіби дамуын ұйымдастыру. 2.Мұғалімдердің цифрлық құзырлық бойынша кәсіби дамуын ұйымдастыру	ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	1-5.08.2022
		1. Мектепті жаңа оқу жылына дайындау 2. Әдістемелік жұмысты жоспарлау 3. Мұғалімдерді тамыз форумына қатыстыру.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	8-12.08.2022
		1. Мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту бойынша онлайн курсқа қатыстырып, біліктіліктерін арттыру. 2. Тарификация құжаттарын даярлау	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Кошекбаева Б.Г.	15-25.08.2022
		1. Білім беру саласындағы заңнамаларды сақтау 2. Аттестаттауға өтініш берген мұғалімдермен жұмыс	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	29.08-02.09.22
		№1 әдістемелік кеңес Тақырыбы: Ұйымдастыру жұмыстары 1. Өткен оқу жылындағы атқарылған әдістемелік жұмыстардың қорытындысы және алдағы міндеттер. 2. Мұғалімдерге 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім	Директор Налибаева Г.А.	28.08.2022

		<p>беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты таныстыру .</p> <p>3. Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау.</p> <p>4. Мұғалімдерге Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бекіткен «Инклюзия жағдайында білім беру процесі үшін заманауи ресурстарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдарды» таныстыру.</p>		
		<p>№1 директор жанындағы мәжіліс</p> <p>1. 1-11 сынып оқушыларының оқулықпен қамтамасыз етілуі туралы</p> <p>2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын ұжымға таныстыру.</p> <p>3. Білім беру ұйымы қызметкерлерінің, білім алушылар мен тәрбиеленушілерінің ғимаратта және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі.</p> <p>4. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы.</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығын ұжымға таныстыру.</p>	Директор Налибаева Г.А.	28.08.2023
		<p>№1 пед. кеңес</p> <p>Тақырыбы: «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»</p> <p>Күн тәртібінде:</p> <p>1. Мектептің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарына талдау және 2023-2024 жылдың оқу-тәрбие жоспарын бекіту.</p> <p>2. 2023-2024 оқу жылына белгіленген сынып комплектісі мен мұғалімдердің апталық жүктемесін бекіту.</p> <p>3. 2023-2024 оқу жылынадағы педагогикалық кеңес мүшелерін, пән бірлестіктерінің жетекшілері мен сынып жетекшілерді, тәлімгер ұстаздарды, әдістемелік кеңес, аттестаттау комиссия құрамын бекіту туралы.</p> <p>4. 2023-2024 оқу жылында ережеге сәйкес сертификатталатын кабинеттер туралы.</p> <p>5. Мектептің ішкі тәртіп ережесін таныстыру</p>	Директор Налибаева Г.А.	31.08.2023
3	Тәрбие жұмысы. (Оқушы, ата –анамен жұмыс)	1. «Мектепке жол», «Қауіпсіз мектеп ортасы» республикалық акция жұмыстарын ұйымдастыру	Әлеуметтік педагог Туктинова Ж.Н.	Апта бойы

		2."Мектеп оқулығы" акциясы - мектеп кітапханасын оқулықтармен және әдістемелік әдебиеттермен толықтыру.	Кітапханашы Нуралина М.Е.	
		1. Жаппай оқумен қамту айлығы кезіндегі ықшам аудан бойынша балалардың бейсауат жүрісінің алдын алу мақсатында рейдтер жүргізу. 2.«ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасына сәйкес» 8 бағыт бойынша жұмыс жоспарларын құру, жауаптыларды бекіту. 3. Мектеп мейірбикесімен, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып СӨС бойынша жұмыс жоспарын құру, бекіту және арнайы бұрыш ұйымдастыру	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	14 -18.08.2023
		1. Сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік паспортын құру 2. Сырттай бақылау кезінде көмекті қажет ететін оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмысын жүргізу 3. Мектептің қамқоршылық кеңесінің құрамы мен жылдық жұмыс жоспарын бекіту. 4. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделулерін анықтау	ДТІЖО Намазбаева Н.А.	14 -28.08.2023
		2023-2024 оқу жылына сыныптардың тәрбие жұмыстарын жоспарлау	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	28.09 -01.09.23
4	Мектепшілік бақылау.	1. Әдістемелік жұмысты жоспарлауды бақылау 2. Оқушылардың оқулықтармен толық қамтамасыз етілуін зерделеу. 3. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарына рейд жүргізу	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	14-18.08.2023
		1. Бітіруші түлектерді еңбекпен қамту. 2.1-сыныпқа қабылданып жатқан оқушылардың жеке іс-қағаздарымен танысу. Жеке қажеттіліктері бар оқушыларды анықтау.Тізімге алу 3. Аттестаттауға өтініш берген мұғалімдерді зерделеу. 4. Бос лауазымға құжаттарды қабылдау 5. Мектепте ұйымдастырылатын үйірмелерді анықтау 6. 2023 – 2024 оқу жылына арналған сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын қарау, тексеру 7. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығын бақылау.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	21-25.08.2023
		1. Тарификация құжаттарын даярлау.Тарификацияға дайындықты бақылау 2. Оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы 3. Күнітзбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін тексеру 4. Оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін анықтау 5. Оқушылардың мектеп формасын талапқа сай киінуін қадағалау	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	28.08-01.09.23

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
Қыркүйек

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
1	Баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету.	<p>Ұлттық білім беру деректер қорында мәліметтерді жаңарту.</p> <p>Ғылыми жоба конкурсына оқушыларды іріктеп, жұмыс тақырыптарын базаға енгізу.</p> <p>Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын жоспарлау</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетуді іс-жүзіне асыру.</p>	<p>ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г.</p> <p>ДОҒЖО Сулейменов Б.Б.</p> <p>ДОҒЖО Копесбаева Б.С. Кошекбаева Б.Г.</p> <p>ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г.</p>	<p>04 -08.09.2023</p> <p>04 -08.09.2023</p> <p>11 -15.09.2023</p> <p>18-23.09.2023</p>
2	Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.	<p>№2 пед.кеңес: (кезектен тыс)</p> <p>1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын ұжымға таныстыру</p> <p>2. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы</p> <p>1. Мұғалімдерді 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және жаңадан келген бұйрықтар және хаттармен таныстыру.</p> <p>2. Шығармашылық топ құру, ғылыми жетекшілердің жұмыстарымен танысу</p> <p>3. Оқушылардың ғылыми қоғамын құру</p> <p>4. Пәндік курстар, факультативтер, таңдаулы курстар бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау.</p> <p>5. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің деректер базасын құру.</p> <p>1. Күнтізбелік тақырыптық жоспарларды kundelik.kz порталына талапқа сай толтырылуды қадағалау</p> <p>2. Мұғалімдердің деректер базасын жаңарту.</p> <p>3. Жас мамандарға мектеп құжаттарын жүргізу мен сабақ жоспарларын құрастыру бойынша кеңестер беру</p> <p>4. Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшілігімен ұйымдастырылатын «Тікелей сұхбат сағаты»</p>	<p>Директор Налибаева Г.А.</p> <p>ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.</p> <p>ДОҒЖО Сулейменов Б.Б.</p>	<p>18.09.2023</p> <p>28.08-4.09.2022</p> <p>01 -08.09.2023</p>

		педагог – әдіскер» жобасы бойынша онлайн шеберлік сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасу.		
		5. Kundelik.kz жүйесі бойынша электрондық журналдарда қалыптастырушы бағалауды қалай журналға түсіруді жас мамандарға үйрету 6. Тілдер онкүндігін ұйымдастыру 7. Инклюзивті оқытуды ұйымдастыру талаптарын жүзеге асыру	ДОГЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. ДТІЖО Кулжабаева Н.С.	11 -15.09.2023
		1. Ғылыми-жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің ӘБ онкүндігін ұйымдастыру 2. Аттестатталушы мұғалімдердің қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау	ДОГЖО Сулейменов Б.Б.	25.09-06.10.2023 25-29.09.2023
		№2 директор жанындағы мәжіліс 1. Техника қауіпсіздігі ережесі бойынша журналдардың жүргізілуін бақылау қорытындысы. 2. Оқушылардың жеке іс құжаттарын тексерудің қорытындысы 3. Kundelik.kz жүйесіндегі электронды журналдың талапқа сай толтырылуын тексеру қорытындысы 4. 5-сынып оқушыларының қазақ әдебиеті пәнінен оқу дағдылары мен математика пәні бойынша жыл басындағы білім деңгейлерін тексеру қорытындысы 5. Жолда жүру ережесі айлығының жүргізілуі туралы 6. PISA зерттеулері бойынша 9 сынып оқушыларының математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығын тексеру қорытындысы. 7. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етудің талапқа сай ұйымдастырылуын тексеру қорытындысы	Директор Налибаева Г.А.	25-29.09.2023
3	Тәрбие жұмысы. (Оқушы, ата –анамен жұмыс)	1. 2023-2024 оқу жылына сыныптардың тәрбие жұмыстарын жоспарлау 2. 1-сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Кушербаева А.А.	04-08.09.2023
		Сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік паспортын құру 1.Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын қалай өткізетіндіктеріне бақылау жасау. 2.5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделулерін анықтау	Әлеуметтік педагог Туктинова Ж.Н. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	04-08.09.2023
		1. ҚР тілдер мерекесіне орай тілдер онкүндігін ұйымдастыру. 2. Сынып жетекшілерін «ЕЛ ЖАСТАРЫ» бағдарламасының мақсаты мен құндылықтарымен таныстыру. 4. Оқуында қиындықтары бар 1-5 сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесу, кеңес беру.	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С. Педагог-психологтар Кушербаева А.А. Масабекова А.А.	05-15.09.2023

		1. Оқушыларды салауаттық өмір салтына баулу 2. «Менің сүйікті қалам», «Алматым-әсем қалам» атты ашық сынып сағаттарын ұйымдастыру. 3. «Жеке бас гигиенасы – мықты денсаулық негізі» атты медбикемен кеңес.	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	18-22.09.2023
		АИТВ/ ЖИТС жұқпалы аурулары жайлы онлайн түсінік жұмыстарын жүргізу.	Аға тәлімгер Тұрғынбек Л.Р.	18-22.09.2023
4	Мектепшілік бақылау.	1. Ұлттық білім беру деректер қорын толтыруды бақылау 2. Ғылыми жетекші мұғалімдердің «Ғылыми жобалар» конкурсына қатысушы оқушыларының жұмыстарын зерделеу. 3. ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау 4. Жыл бойғы оқушылар қозғалысының есебін жасау, жаңа оқу жылына оқушылар контингенті мен сынып жиынтықтарын құрау. 5. Кіріс бақылауын жүргізу. 6. 1-сынып оқушыларымен танысу, мектепке бейімделулерін сырттай бақылау 7. Оқушылардың отбасындағы әлеуметтік жағдайын анықтау. 8. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарларын тексеру.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. Педагог-психологтар Кушербаева А.А. Масабекова А.А. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.	04-08.09.2023
		1. Электронды журналға күнтізбелік тақырыптық жоспарлардың толық түсірілуін тексеру 2. Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайын бақылау 3. Техника қауіпсіздігі ережесі бойынша журналдардың жүргізілуін бақылау 4. Жолда жүру ережесі айлығының өткізілуін тексеру 5. Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарына рейд жүргізу	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. ДТІЖО Намазбаева Н.А.	11 -15.09.2023
		1. Kundelik.kz жүйесіндегі электронды журналдың толтырылу жағдайы 2. Пәндерден бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының оқу жылына дұрыс жоспарлануын бақылау 3. 5-сынып оқушыларының қазақ әдебиеті пәнінен оқу дағдылары мен математика пәні бойынша жыл басындағы білім деңгейлерін тексеру	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Кошекбаева Б.Г.	18-22.09.2023
		1. Қорғаншылықтағы және аз қамтылған отбасы балалары құжаттарының талапқа сай болуын тексеру 2. Оқушылардың Әліппе пәнінен білім деңгейлері мен оқу дағдыларын анықтау 3. Негізгі пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алу. 4. PISA зерттеулері бойынша 9 сынып оқушыларының математи-калық, жаратылыстану және оқу сауаттылығын тексеру. 5. 1-сынып оқушыларының оқуға бейімделуін зерттеу «Жануарлар мектебі» әдістемесін алу	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. ДОІЖО Копесбаева Б.С. ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Педагог-психолог Масабекова А.Н.	25-29.09.2022

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
Қазан

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
	1	2	3	4
1	Баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету.	1.Қорғаншылықтағы және аз қамтылған отбасы балаларына мемлекеттік қызмет көрсетудің іске асырылуы 2.5,6 сыныптарға арналған математикадан мектепішілік «Алтын сақа» олимпиадасы	Әлеуметтік педагог Туктинова Ж.Н. ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	02 -06.10.2023
		1. Дарынды оқушылардың деректер базасын құру. 2. Оқушылардың деректер базасын жаңарту	ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	09 -13.10.2023
		1. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен формасын қадағалау 2. 2-7 сынып оқушыларының «Зерде» ғылыми жоба байқауының қалалық кезеңі бойынша ғылыми жұмыстарды плагиаттан өткізу. 3. 5,6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңіне оқушыларды қатыстыру, дайындау.	ДОІЖО Копесбаева Б.С. ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	16 -20.10.2023
		1. Негізгі пәндер бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын алу 2. «Әбіш оқулары» байқауының аудандық кезеңіне оқушыларды қатыстыру, дайындау. Бастауыш сыныптар бойынша жас мамандарға әдістемелік кеңестер беру.	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С.	23 -27.10.2023
2	Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.	1. Мұғалімдердің «kundelik.kz» электронды журналын талапқа сай жүргізуін қадағалау. 2. Жас және тәжірибесі аз мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету Қоғамдық – гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің ӘБ онкүндігі	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	02 -06.10.2023
		1. Мұғалімдердің қашықтан оқыту әдістемесіне мониторинг жүргізу және әдістемелік көмек беру 2. 2-10 сыныптардан негізгі пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алу. 3. Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшілігімен ұйымдастырылатын «Тікелей сұхбат сағаты: педагог – әдіскер» жобасы бойынша онлайн шеберлік сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасу. 4. Мұғалімдерді Topic.kz платформасымен жұмыс істеуді үйрету.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	16 -20.10.2023
		Инклюзивті білім берудің жай-күйін қадағалау	ДОІЖО Копесбаева Б.С.	16 -20.10.2023
		№3 директор жанындағы мәжіліс	Директор	

		<p>1. 4-сынып оқушыларының ББЖМ-ға дайындық деңгейін анықтау қорытындысы.</p> <p>2. 5-9 сыныптардағы математика, алгебра пәндерінің оқытылуының жай-күйін тексеру қорытындысы.</p> <p>3. 5 – 7 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы жағдайын зерделеу қорытындысы</p> <p>4. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау қорытындысы</p> <p>5. 2- сыныптардағы әдебиеттік оқу пәнінің оқытылуының жағдайы.</p> <p>6. Электронды журнал бойынша ата-аналардың балаларының жұмыстарын, бағаларын тексеру жиілігін қадағалау қорытындысы</p>	Налибаева Г.А.	27 -30.10.2023
3	Тәрбие жұмысы. (Оқушы, ата –анамен жұмыс)	<p>1.«Азаматтық құқықтық түсінік, оның қайнар көздері мен қағидаттары» Ақпараттық-танымдық сабақ.</p> <p>2. Құқық бұзушылықтың алдын алу штабының отырысы.</p> <p>3.«Қарты бар үй қазына» атты сынып сағаттарын ұйымдастыру.</p> <p>4.5-сынып оқушыларымен психологиялық сүйемелдеу</p>	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Кушербаева А.А	02 -06.10.2023
		<p>1. Оқушылардың мектеп ережесінің сақтауын қадағалау.</p> <p>2. Балалардың тәрбиелік деңгейі бойынша жеке консультациялар және сауалнама жүргізу</p>	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Педагог-психолог Масабекова А.Н.	09 -13.10.2023
		<p>1. Мектептегі оқу кезіндегі бала мен ата-ана арасындағы жағдайды реттеу</p> <p>2. «Республика күні» мерекесіне орай түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.</p> <p>3.Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау,жұмыс жүргізу</p>	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Масабекова А.А	16 -20.10.2023
		<p>1. Жас сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету.</p> <p>2. «Экстремизм мен терроризм –ғасыр індеті» атты сынып сағаттарын ұйымдастыру.</p>	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Намазбаева Н.А.	23 -27.10.2023
4	Мектепшілік бақылау.	<p>1. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмысты бақылау</p> <p>2. Оқушылардың мектеп ережесін сақтауын қадағалау</p> <p>3. 3,4 сыныптардағы қазақ тілі мен математика пәнінің оқытылуының жай-күйі</p> <p>4. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылуы жағдайын зерделеу</p> <p>5. ҰБТ-ға дайындық тест жұмыстарын алу.</p> <p>6. Жас және тәжірибесі аз педагогтердің жұмысын бақылау</p>	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С. Сулейменов Б.Б. ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Намазбаева Н.А.	02 -06.10.2023
		<p>1. Журнал жүргізуді бақылау.</p> <p>2. 8-10 сыныптар бойынша математика пәні дәптерлерінің жүргізілуін бақылау</p> <p>3. Мектепалды даярлық топтарындағы оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау</p>	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. Педагог-психолог	09 -13.10.2023

	4. 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау тест жүргізу	Кушербаева А.А	
	<p>1. 5,6 сыныптарға арналған математикадан аудандық «Алтын сақа» олимпиадасына оқушыларды іріктеу.</p> <p>2. Мектепалды даярлық сыныптарындағы сабақтардың талапқа сай ұйымдастырылуын бақылау</p> <p>3. Жаратылыстану пәндері бойынша оқушылар білімдерінің олқылықтарын толтыру</p> <p>4. Электронды журнал бойынша ата-аналардың балаларының жұмыстарын, бағаларын тексеру жиілігін қадағалау</p> <p>5. 5-9 сыныптардағы математика, алгебра пәндерінің талапқа сай оқытылуын бақылау.</p> <p>6. 4-сынып оқушыларының ББЖМ-ға дайындық деңгейін анықтау</p>	<p>ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. Кошекбаева Б.Г.</p> <p>ДТІЖО Кулжабаева Н.С. ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С.</p>	16 -20.10.2023
	<p>1. 1-тоқсандағы пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуын тексеру</p> <p>2. 1-тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімі мен қозғалысы есебін алу</p> <p>3. Негізгі пәндер бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын алу</p> <p>4. ҰБТ-ға дайындық тест жұмыс-тарын алу.</p> <p>5. Kundelik.kz жүйесіндегі электронды журналдың толтырылуын тексеру.</p>	<p>ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С.</p>	23 -27.10.2023

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
Қараша

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
	1	2	3	4
1	Баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету.	<p>1. Оқушыларды каникул кезінде ұйымдастырылатын іс-шараларға қатыстыру.</p> <p>2. 9-11 сынып оқушыларының өз құқықтарын білуге үйрету.</p> <p>1. Оқушылардың үйірмелерге қамтылуы мен бос уақыттарын пайдалы өткізулерін қадағалау.</p> <p>2. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші кезеңіне оқушыларды іріктеу</p> <p>2. 5,6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне оқушыларды дайындау.</p> <p>1-4 сыныптар бойынша кезекші сыныптардағы сабақтардың талапқа сай ұйымдастыру.</p> <p>1. 3-11 сынып оқушылары арасындағы мектепшілік пәндер олимпиадасы «Ақ бота» интеллектуалдық марафоны</p> <p>2. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші кезеңі</p>	<p>ДТІЖО Намазбаева Н.А. Кулжабаева Н.С.</p> <p>ДТІЖО Кулжабаева Н.С. ДОІЖО Сулейменов Б.Б.</p> <p>ДОІЖО Копесбаева Б.С.</p> <p>ДОІЖО Сулейменов Б.Б. ДОІЖО Копесбаева Б.С.</p>	<p>30.10 -07.11.23</p> <p>06 -10.11.2023</p> <p>13 -17.11.2023</p> <p>20 -24.11.2023</p>
2	Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.	<p>ІІІ пед кеңес</p> <p>Тақырыбы: «Дарынды ұрпақ – жарқын болашақ»</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы</p> <p>2. «Оқу белсенділігін жетілдіру арқылы заманауи оқушының рухани-адамгершілік және зияткерлік дамуы»</p> <p>3. І тоқсан қорытындысы, оқу бағдарламасының орындалуы және сыныптар бойынша білім сапасының мониторингі</p> <p>4. 1-4 сынып оқушыларын және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етудің жай-күйі</p> <p>5. Халықаралық PISA зерттеулеріне дайындық барысы және 9 сынып оқушыларының математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығын тексеру қорытындысы.</p> <p>6. Балалардың бос уақыты - балалар мен жасөспірімдердің құқыққа қарсы мінез-құлқының алдын алу құралы</p> <p>7. Инклюзивті білім беру қоғам қажеттілігі.</p>	<p>Директор Налибаева Г.А.</p>	<p>30.10 -03.11.23</p>

		8. Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу 9. Білім алушыларды саналы тәртіп пен мәдениеттілікке тәрбиелеу.		
		1-тоқсан бойынша пәндердің білім сапасын зерделеу. №2 әдістемелік кеңес Тақырыбы: «Инновациялық технологияны қолдану – сабақ сапасын көтерудің бір жолы» 1. Баяндама: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігі. 2. Баяндама: Ағылшын тілі сабақтарында тілдік дағдыларды дамытудың жаңаша әдіс тәсілдері. 3. Баяндама: Оқушыларға информатика пәнін оқытудағы тиімді графикалық органайзерлер.	Директор Налибаева Г.А.	06 -10.11.2023
		1. Жиынтық бағалау жұмыстары мерзімінің электрондық журналдағы КТЖ-ға ҚР БҒМ 17.11.2020 жылғы №484 бұйрығына сай қойылуын қадағалау. «Ғылыми жобалар» конкурсына қатысушы оқушылардың жұмыстарын зерделеп, daup.kz сайтына жүктеу. 2. 2-7 сынып оқушыларына арналған зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық байқауы 3. Қоғамдық – гуманитарлық пәндер мұғалімдерінің ӘБ онкүндігін ұйымдастыру.	ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	13 -17.11.2023
		Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшілігімен ұйымдастырылатын «Тікелей сұхбат сағаты: педагог – әдіскер» жобасы бойынша онлайн шеберлік сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасу. №4 директор жанындағы мәжіліс 1. Оқу кабинеттерінің талапқа сай жабдық-талуы мен жүйеленуін тексеру қорытындысы. 2. Kundelik.kz жүйесіндегі электронды журналдың талапқа сай толтырылуын тексеру қорытындысы. 3. 6-8 сыныптардағы Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуының жай-күйі 4. 4 сынып оқушыларының математика пәні бойынша функционалдық сауаттылығын тексеру қорытындысы. 5. 9-сынып оқушыларының ББЖМ-ға дайындық деңгейі. 6. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуда атқарылған жұмыстарға талдау	ДОҒЖО Сулейменов Б.Б. Директор Налибаева Г.А.	20 -24.11.2023 27.11.2023
3	Тәрбие жұмысы. (Оқушы, ата –анамен жұмыс)	1. Құқық бұзушылықтың алдын алу штабының онлайн отырысы 2. 8-сынып оқушыларының стрестік жағдайларын анықтау 3. Рухани жаңғыру аясында менің Отаным –Қазақстан» тақырыбындағы қалалық қашықтан өтетін туристік слетқа оқушылар дайындау	ДТІЖО Кулжабаева Н.С.	30.10 -03.11.23

		4. 9-11 сынып оқушыларының өз құқықтарын білуге үйрету.		
		1. 9-сынып оқушыларының кәсіпке бейімделуін анықтау 2. «Күз кереметі» тақырыбында сурет байқауы. 8 - сыныптар	Педагог-психолог Кушербаева А.А ДТІЖО Кулжабаева Н.С.	06 -10.11.2023
		1.«Тәуелсіз елдің көшбасшысы» Сынып сағаты 1-11 сыныптар 2.Жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін анықтау	ДТІЖО Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Масабекова А.А	13 -17.11.2023
		1.«Болашақ» өзін-өзі басқару ұйымында 1-жартыжылдықта атқарылған іс-шараларға талдау. 2. Жалпыға міндетті аз қамтылған 5-11 сынып оқушыларын (жетім, тұрмысы нашар, көп балалы отбасы балаларын) ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру.	Аға тәлімгер Тұрғынбек Л.Р. Әлеуметтік педагог Туктинова Ж.Н.	27.11-01.12.23
	Мектепшілік бақылау.	1. Оқу кабинеттерінің талапқа сай жабдықталуы мен жүйеленуін тексеру. 2. Өзін-өзі басқару ұйымы құрамының жоспарын жүйелі түрде жүргізілуін бақылау. 3. 9-сынып оқушыларының кәсіпке бейімделуін анықтау.	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Педагог-психолог Масабекова А.Н.	30.10 -03.11.23
		1. 2 – сыныптар бойынша математика пәні дәптерлерінің жүргізілуін тексеру. 2. 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші кезеңіне оқушыларды іріктеу. 3. 9-сынып оқушыларының ББЖМ-ға дайындық деңгейін анықтау 4. 5-сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу.	ДОІЖО Копесбаева Б.С. Сулейменов Б.Б. Кошекбаева Б.Г. Педагог-психолог Кушербаева А.А	06 -10.11.2023
4		1. 6-8 сыныптардағы Қазақстан тарихы пәнінің талапқа сай оқытылуын бақылау. 2. ҰБТ-ға дайындық тест жұмыстарын алу. 3. 4 - сынып оқушыларының математика пәні бойынша функционалдық сауаттылығын тексеру. 4. Сыныптан тыс іс-шаралар жоспарын тексеру. 5. 7,8-сыныптар бойынша жасөспірімдердің агрессиялық деңгейін анықтау	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С. ДТІЖО Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Масабекова А.Н.	13 -17.11.2023
		1.7-11 сыныптардағы физика пәнінің талапқа сай оқытылуын бақылау. 2. Негізгі пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алу. 3. ҰБТ-ға дайындық тест жұмыстарын алу. 4. ҚР Мемлекеттік рәміздерінің қолданылуын тексеру	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. ДТІЖО Намазбаева Н.А.	20 -24.11.2023

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары
Желтоқсан

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
1	Баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету.	1. 2-10 сыныптардан негізгі пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алу. 2.1,2 сынып оқушыларының жазу каллиграфиясының қалыптасуын тексеру.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С.	04 -08.12.2023
		1. Оқушылардан ҰБТ-ға дайындық тест жұмыстарын алу. 2. «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысушылардың жұмыстарын плагиаттан өткізу 3. 9,10,11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші кезеңіне оқушыларды қатыстыру, дайындау.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Сулейменов Б.Б.	11 -15.12.2023
		1.Оқушылардың эссе жазу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. 2.2-10 сыныптардан негізгі пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын алу.	ДОІЖО Кошекбаева Б.Г. Копесбаева Б.С.	19 -22.12.2023
		1.2-тоқсан бойынша пәндердің білім сапасын анықтау 2.1-7 сынып оқушылары арасындағы «Зерде» зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалары конкурсының қалалық кезеңіне жұмыстарды дайындап, жүктеу.	ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	19 -22.12.2023
2	Оқу-тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.	1.Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерді ұлттық біліктілік тестілеу 2.Жас мамандарға БЖБ, ТЖБ жұмыстарын талдау бойынша әдістемелік көмектер беру.	ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	25 -29.12.2023
		1.Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ онкүндігі «Абыройлы ұстаз»: 2.«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» атты бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған конкурстың аудандық кезеңіне мұғалімдерді қатыстыру, дайындау.	ДОІЖО Сулейменов Б.Б.	04 -08.12.2023
		1.Оқушылардың алгебра пәнінен функционалды сауаттылығын тексеру. 2.4-сыныптар бойынша математика пәнінің оқытылуын тексеру.	ДОІЖО Копесбаева Б.С.	11 -15.12.2023
		1.Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға инклюзивті білім берудің талапқа сай жүргізілуін бақылау 2.Күнтізбелік тақырыптық жоспарлардың жыл бойына жазылып, жариялануын қадағалау. №5 директор жанындағы мәжіліс 1. 5-8 сыныптардағы ағылшын тілі пәнінің оқытылуы жағдайын зерделеу	ДОІЖО Сулейменов Б.Б. ДТІЖО Намазбаева Н.А.	19 -22.12.2023

		<p>қорытындысы.</p> <p>2. Өзін-өзі басқару ұйымының 1 жартыжыл-дық бойынша іс-шаралар есебі.</p> <p>3. 4,8 сыныптар бойынша математикадан функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау қорытындысы.</p> <p>4. 11 сынып оқушыларынан алынған ҰБТ-ға дайындық тест жұмысының қорытындысы.</p> <p>5. Инклюзивті білім алатын оқушылармен түзету- дамыту жұмыстарын жүргізу барысы</p> <p>6. 3-4 сыныптардағы қазақ тілі пәнінен дәптерлердің жүргізілуін тексеру қорытындысы.</p>	Директор Налибаева Г.А.	27.12.2023
		2-тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімі мен қозғалысы есебін алу	ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г.	04 -08.12.2023
3	Тәрбие жұмысы. (Оқушы, ата –анамен жұмыс)	1.Сынып сағаттарына қатысу, уақтылы орындалуын қадағалау. 2.Оқушылардың қабылдауына арналған кеңестер беру. 3.«АИТВ және есірткі зардаптары» 7-8 сыныптар. Әңгіме. 4.Психо-эмоционалды қысымды азайту мақсатында тренинг жүргізу	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Педагог-психолог Кушербаева А.А.	04 -08.12.2023
		1.«Адал ұрпақ» ұйымының атқарған жұмыстарының есебі 2.«Өз құқығын білмеген құл болады» Сынып сағаты 1-11 сыныптар 3.«Тәуелсіздік таңы» Сурет байқауы. 3-9 сыныптар 4.Ата-аналарға арналған сауалнама «Баламның болашағына деген көзқарас»	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Намазбаева Н.А. Аға тәлімгер Тұрғынбек Л.	04 -08.12.2023
		1.Өмірлік қиынжағдайға ұшыраған оқушылармен үнемі кеңес жүргізу 2.Діни экстремизм бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп. Сынып сағаты 10-11 сыныптар 3.«Асқақтай бер, елімнің көк байрағы!» Қашықтан мәнерлеп оқу байқауы	Педагог-психолог Масабекова А.Н. Аға тәлімгер Тұрғынбек Л.	11 -15.12.2023
		«Туған елге тағзым» өлкетану зерттеу экспедициясы. 6-сыныптар	ДТІЖО Кулжабаева Н.С.	19 -22.12.2023
		1.Жаңа жылға арналған «Жасыл шырша» мерекесін ұйымдастыру 2.Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен тренинг өткізу «Менің күшті және әлсіз жақтарым»	ДТІЖО Кулжабаева Н.С. Намазбаева Н.А. Педагог-психолог Масабекова А.Н.	04 -08.12.2023
4	Мектепшілік бақылау.	1. 6-8 сыныптар бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәптерлердің жүргізілуін тексеру. 2. 4,8 сыныптар бойынша математикадан функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау 3. АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу шараларын түсіндіру 4. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау.	ДОҒЖО Сулейменов Б.Б. Копесбаева Б.С. ДТІЖО Кулжабаева Н.С.	04 -08.12.2023

		<ol style="list-style-type: none"> 1. Биология пәнінен зертханалық жұмыстарында 7-9 сынып оқушыларының ізденіс қабілеттерін анықтау 2. Орыс тілі сабақтарында оқушының жеке қабілеттерін дамыту (3-4 сыныптар) 3. 3-4 сыныптардағы қазақ тілі пәнінен дәптерлердің жүргізілуі мен тексерілу жиілігін бақылау. 4. «Зерде» ғылыми жобалар байқауына қатысушылардың жұмыстарын плагиаттан өткізу. 5. Оқушының интернетке тәуелділігінің алдын алу 	<p>ДОҒЖО Кошекбаева Б.Г.</p> <p>Сулейменов Б.Б.</p> <p>Копесбаева Б.С.</p> <p>Сулейменов Б.Б.</p> <p>Педагог-психолог Масабекова А.Н.</p>	<p>11 -15.12.2023</p>
